

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

преимущество Алматы и Астаны заключается в возможности онлайн бронирования и безналичной оплаты большинства гостиниц.

Таким образом, на сегодняшний день гостиничный рынок Республики Казахстан является чрезвычайно привлекательным для инвесторов и международных гостиничных операторов. Все международные гостиничные компании находятся в четырех бизнес-дестинациях: Астана, Алматы, Атырау и Актау. В крупных городах Казахстана есть благодатная почва как для развития франчайзинговых компаний, так и для создания собственных сетей. Несмотря на преимущество вхождения во франшизную сеть, есть и девелоперы, которые создают собственный брэнд и разрабатывают свои стандарты качества, развивают свою гостиничную сеть.

Литература:

1. Международные гостиничные сети в России, СНГ и Грузии.
<https://www.assets.kpmg.com/content>
2. Ивахникова Р. По мнению экспертов Казахстан благоприятен как для развития франчайзинговых гостиничных компаний. <http://www.zakon.kz/107326-po-mneniju-jekspertov-kazakhstan.html>
3. Гостиничный бум// https://www.forbes.kz/leader/gostinichnyiy_bum

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАРДЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ

Отарбай А.Ф.

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Email: aydokka.com@mail.ru

Қазіргі таңда медициналық туризм саласындағы ұйымдарды басқаруда жаңа тәсілдерге барынша көңіл бөлінуде, бұл денсаулық сақтау жүйесінің жаңғыртылуына, жаңа экономикалық және әкімшілік-шаруашылық міндеттерді жедел шешу қажеттіліктеріне, медициналық ұйымдардың қызметі үшін ішкі ресурстарды алу қажеттіліктеріне байланысты болып келеді. Осы сұрақтың өзектілігі медициналық қызмет өндірушілерінің арасында бәсекелестіктің күшеюіне, ресурстардың сапасы мен рационалды пайдаланылуына талаптардың артуына, денсаулық сақтау саласындағы инновациялық технологиялардың кеңінен енгізілуіне қарай арта түседі.

Медициналық ұйымды тиімді басқару модельдерін іздестіруге көп көңіл бөлінуде. Заманауи басқарушыға тек медициналық білім мен денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыруды білу жеткіліксіз, қазіргі таңда сондай-ақ заманауи менеджмент білімі мен біліктіліктерін меңгеру қажет, бұл денсаулық сақтау басқарушыларын оқытуда жаңа тәсілдердің қолданылуын талап етеді. Инновациялық менеджмент дамыған негізгі басқарушылық біліктіліктері бар арнайы дайындалған менеджерлерсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Денсаулық сақтауды басқару саласында даярлау тек бас дәрігерлер үшін ғана емес, сонымен қатар медициналық ұйымды басқарудың жедел деңгейінде орналасқан және басқарушылық корпусының резервін құрайтын орынбасарлар, бөлім меңгерушілері үшін де қажетті болып табылады.

Заманауи басқарушылық технологияларға негізделген тиімді басшылық медициналық ұйымдағы барлық бөлімшелер мен қызметкерлердің өзара әрекеттестігін қамтамасыз етуі тиіс: медициналық жұмыскерлер, шаруашылық және әкімшілік-басқарушылық сала жұмыскерлері. Барлық ұжым бір миссия, болашақ және ұйым мақсатының айналасында шоғырлануы тиіс. Нәтижесінде, кез келген медициналық ұйым қызметінің нәтижесі

медициналық көмектің қолжетімділігі және сапасының деңгейі бойынша бағаланатын болады [1].

Медициналық қызметтердің нәтижелілігі мен сапалылығына заманауи қол жеткізу механизмдерінің бірі бизнес-жоспарлау әдістемесі болып табылады, ол медициналық ұйымды дамыту стратегиясын дайындау мен оның қызметін техника-экономикалық негіздеуден тұрады. Экономикада бизнес-жоспарлау міндетті бөлім болып табылады, ал әлеуметтік салада, нақтырақ, денсаулық сақтау саласында бизнес-жоспар медициналық ұйымдар қызметінің негізі бола қоймады. Қатаң әкімшіліктендіру және нормативтік бөлу жағдайында орналасқан мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде бизнес-жоспарлау негізінен мүмкін емес десек те болады, бірақ дербестігі мен автономдылығын күшейтуші медициналық ұйымдар үшін бизнес-жоспарлау қажеттілік болып табылады. Бизнес-жоспар негізгі құжат болып табылады және медициналық көмектің жоғары сапасы мен қолжетімділігіне жету үшін ұйымның тиімді басқарылуын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Бизнес-жоспар жоспарлаудың негізгі құралы, әлеуетті мақсаттарға жету жолдары мен құралдарын сипаттаушы болжамды бизнестің қысқа, нақты және түсінікті сипаттамасы болып табылады және төмен шығындармен максималды нәтижелілікке қол жеткізуге бағытталған [2].

Медициналық ұйымның бизнес-жоспарына келесі бағыттарды енгізу ұсынылады:

- қызметтің ұйымдастырушылық-құқықтық формасын негіздеу;
- ұйымның миссиясы мен болашағы, мақсаттары мен міндеттері;
- қызметтің басым бағыттары, нарықтың мақсатты сегментін ескере отырып, медициналық қызметтер тізімі, ұсынылатын қызметтерге тұрақты сұранысты ұстап тұру бойынша іс-шаралар;
- емдеу-диагностикалық үдерісті дамыту жоспары, құрылымдық бөлімшелер мен жалпы ұйымның медициналық-экономикалық тиімділігінің сандық көрсеткіштері;
- қаржылық жоспар, есептік және салық саясаты;
- маркетинг жоспары, баға саясатын қалыптастыру, жарнаманы дамыту және негізгі бәсекелестерді ескере отырып нарықты әрекет ету;
- кадрлық саясат, персоналдың еңбекақысын төлеу және ынталандыру схемалары, кадрлардың біліктілігін көтеру мен оқыту жоспарлары, кадрлардың функционалдық міндеттері мен бөлінуі.

Медициналық ұйым үшін бизнес-жоспар міндетті түрде тұтынушылардың қажеттіліктерін, мұқтаждықтары мен сұраныстарын талдау негізінде құрылады. Бизнес-жоспарды дайындау барысында медициналық ұйымның ішкі мүмкіндіктері (білікті кадрлар, заманауи технологиялар, ыңғайлы ғимараттар және т.б.), сонымен қатар сыртқы факторлар да ескеріледі – қызмет көрсетілетін тұрғындар және оның деморафиялық сипаттамасы, бәсеклес ұйымдардың болуы, экология және т.б. Бизнес-жоспар әлеуетті жоспарлауды да, сондай-ақ жақын болашаққа жоспарлауды да қамтиды [3].

Қызметі бойынша ұқсас ұйымдардың арасында, сонымен қатар профилі бойынша әр түрлі ұйымдардың арасында бизнес-жоспарларды жасаудың алуан түрлері болады. Алайда, мұндай жағдай бизнес-жоспарлардың негізінде жататын жаңа идеялардың дамуына және таралуына ықпал етеді.

Бизнес-жоспарды әлеуетті ретінде, 3-5 жылға құру ұсынылады. Бірінші және екінші жыл үшін негізгі көрсеткіштерді тоқсан бойынша (немесе ай бойынша) берген дұрыс, ал үшінші жылдан бастап жылдық көрсеткіштерді көрсетуге болады.

Медициналық ұйымды талдау кезінде SWOT талдау жүргізу және ішкі және сыртқы орта факторларының ұйымның қызмет нәтижелеріне әсер ету деңгейін анықтау және бағалау жүргізу ұсынылады.

Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесіндегі міндетті компонент емделушілердің пікірін жүйелі талдау болып табылады. Емделушінің медициналық көмек сапасын бағалауы, кәсіби және сарапшылық бағалау сияқты медициналық ұйымның

басқарылуын жетілдірудегі тиімді құрал болып табылады, сондықтан оны бизнес-жоспарға енгізу ұсынылады.

2012 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы бойынша менеджерлері заманауи менеджмент мәселелері бойынша оқытудан өткен медициналық ұйымдар бизнес-жоспарлар әзірлеп, сараптамадан өткізу үшін Республикалық Денсаулық сақтауды дамыту орталығына берілен. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жоспар-тапсырмасына сәйкес бизнес-жоспарларда медициналық ұйымдағы менеджментті жетілдірудің келесі бағыттарын көрсету қажет болды [4]:

- медициналық ұйымның шаруашылық жүргізу құқығы бар мемлекеттік кәсіпорынға ауысуы;

- күндізгі және амбулаторлық деңгейлерде емдеуге жататын жағдайлардың есебінен тәуліктік стационарға ауруларды жатқызу санын кем дегенде 5% қысқарту;

- күндізгі стационарға ауруларды жатқызу санын арттыру;

- төсек-орындардың оңтайлы құрылымын анықтау (қысқарту және қайта профиліндеу);

- заманауи технологиялар мен ЖММК ендірілуін қамтамасыз ету;

- стационарда емделушінің орташа болу уақытын 7 төсек/тәулікке дейін төмендету;

- ресурстарды үнемдеу есебінен шығын бөлігінің 10% төмендетілуін қамтамасыз ету;

- дифференциацияланған еңбекақы төлеу жүйесін енгізу есебінен қызметкерлердің еңбекақысын 30% арттыру;

- медициналық техникамен жарақтандыруды арттыру және оларды пайдалану тиімділігін көтеру;

- ішкі аудит қызметтерінің жұмысын жетілдіру есебінен медициналық қызмет көрсету сапасын көтеру (ақаулар санын төмендету).

Денсаулық сақтау жүйесінде үнемді өндіріс технологиясын (Lean production, Lean manufacturing) ендіру өзекті болып отыр – ысырап көлемін қысқарту есебінен жұмыс сапасын арттыруға бағытталған, ұйымды басқару тәсілін білдіреді.

Медициналық ұйымдардағы бизнес-үдерістердің тиімділігін бағалау барысында қолданылатын кеңінен танымал модель балансталған көрсеткіштер жүйесі (БКЖ) болып табылады, үдерістік-бағдарланған басқару жүйесінің негізгі құраушысы. Бұл жүйе Гарвард университетінің профессорлары Д.Нортон және Р.Капланмен әзірленген болатын [5].

Тек қаржылық көрсеткіштерге негізделетін бағалау жүйесімен салыстырғанда балансталған көрсеткіштер жүйесі тұтынушылардың қанағаттану дәредесі, инновациялық технологиялардың ендірілуі, маркетинг, кадрлардың кәсіби даярлығы және т.б. сияқты медициналық ұйымның қаржылық емес көрсеткіштерін де бағалауға мүмкіндік береді, бұл денсаулық сақтау жүйесінде басқарушылық шешімдер қабылдау үшін аса маңызды тұстар болып табылады.

Балансталған көрсеткіштер жүйесі медициналық ұйым қойылған стратегиялық мақсаттарын қандай деңгейде жүзеге асырып жатқандығын бағалауға мүмкіндік беруші төрт аспектінің арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды сипаттайды және анықтайды:

- тұтынушының қанағаттануы;

- ішкі үдерістер;

- қаржы;

- оқыту және дамыту.

Бизнес-жоспарды әзірлеу барысында медициналық ұйымның қызмет тиімділігін бағалаудың жоғарыда аталған белгілерін пайдалана отырып, емделушілер мен қоғамның, өзіндік медициналық ұйым мен денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктері ескерілетін болады. Бизнес-жоспарды жүзеге асыру және қойылған нәтижелерге жету де маңызды болып табылады. Медициналық ұйым ашық құрылым болып табылады, оның дамуына ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді, олардың арасында тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкестік, сыртқы ортадағы өзгерістерге жылдам қайта құрылымдалу мүмкіндіктері, жүргізілетін реформалардың өзара байланысы мен логикалылығы, басқарушы құрамның даярлық деңгейі,

сонымен қатар ұжым тарапынан қолдау және жауапкершілікті бөлу үдерісі ретінде корпоративтік мәдениетті құру басқарудағы басымдылықтар болуы тиіс.

Осылайша, әлемдік және отандық тәжірибе медициналық ұйымдардың қызметін стратегиялық басқаруда әр алуан модельдер мен әдістер қолданылатындығын көрсетіп отыр. Осы модельдерді әрі қарай зерттеу және ендіру медициналық ұйымдар желісінің жетілдірілуіне, олардың халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсетуіне ықпал ететін болады. Медициналық ұйымдардағы менеджментті жетілдірудің ең тиімді тәсілі модельдердің әр түрлі компоненттерін үйлестіруге және әрбір медициналық ұйым үшін пайдалы механизмдерді жасап шығаруға мүмкіндік беретін басқару модельдерін пайдаланудың интергацияланған тәсілі бола алады.

Әдебиет:

1. Галкин В.В. Медицинский бизнес: учеб.пособие. – М: КноРусГод, 2010. – 272 с.
2. Артюнина Г.П., Игнаткова С.А.. Основы медицинских знаний: Здоровье, болезнь и образ жизни: учеб. пособие для высш. школы 4-е изд., перераб. – М: Академ.Проект, Гаудеамус. – 2015. – 560 с.
3. Ehrbeck T, Guevara C, Mango PD, Cordina J, Singhal S: Health care and the consumer. McKinsey Quarterly 2008, 80-81.
4. Аканов А.А., Камалиев А.А. Система здравоохранения Республики Казахстан: современное состояние, проблемы перспективы, – 2014. – 24 с.
5. Turner L: Medical tourism: Family medicine and international healthrelated travel. Can Fam Physician 2007, 53:1639-1641.

РАЗРАБОТКА РЕКОМЕНДАЦИЙ ПО РАЗВИТИЮ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОГО ТУРИЗМА В АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Нурланова А.А.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: aseka.27@mail.ru

В современных условиях устойчивость развития национальной экономики во многом зависит от все более усиливающейся конкуренции субъектов рынка. Глобальные изменения, происходящие в мировой экономике, вызванные политическими и экономическими причинами, а также научно-технический прогресс обуславливают необходимость поиска новых подходов к социально-экономическому развитию региональной структуры. В этой связи интерес представляет детско-юношеский туризм, согласно которому конкурентоспособность региона зависит от наличия на его территории детско-юношеского кластера взаимосвязанных отраслей. Идеи по созданию и развитию объединенных производственно-хозяйственных структур неоднозначны. Данное утверждение относится, в том числе, и к производственно-хозяйственным структурам кластерного типа. Авторы, занимающиеся изучением данного вопроса, утверждают, что уровень конкурентоспособности отдельно взятой организации может возрасти при ее участии в кооперационных связях. Кооперационные связи при этом должны входить в единый территориальный комплекс. Аналогично можно говорить и о методологических вопросах, направленных на формирование и развитие структур кластерного типа, функционирующих в сфере детско-юношеского туризма. Анализируя определения и подходы к трактовке понятия детско-юношеский туризм, можно сделать вывод, что в большинстве случаев основной акцент делается на экономической составляющей. В то же время, формулируя определения детско-юношеского туризма, зачастую упускается из виду социальная, культурная и нравственно-воспитательная составляющая. В зарубежных источниках можно встретить